

**Шакентаева А.У.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, МП-40К тобы, студент  
(Ғылыми жетекшісі – PhD докторы, доцент Рустембекова Д.К.)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасында ұлттық саясатын парасатты және салиқалы жүргізуіне ерекше назар аударылады. Ұлттық саясат елдің жалпыұлттық мүдделерінің қамтамасыз етілуін және қоғамдық өмірдің жалпымемлекеттік салаларының жұмыс істеуін көздейді. Ұлттық саясат мемлекеттің мүдделерін білдіреді. Ұлттық саясаттың мақсаттары ұлттық нығайту, этникааралық бірігу, ұлттық-мемлекеттік егемендікке жету болуы мүмкін.

Ұлттық мәселені шешудің әлемдік тәжірибесінің 3 тәсілінің бары туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев былай деген [1]: «Біріншісі – қоныс аударғандарды ағайын ретінде қабылдаған, қазақ халқына ешқашан тән болмаған кейбір елдер ұлттық халықтан басқаларды «қысып шығару» саясатын жүргізеді; екіншісі – ұлттық мәселелерге ешқандай мән бермей, олардың өз бетінше шешілетініне үміт артады; тек бір ғана үшінші дұрыс жол, ол Қазақстанның таңдаған, тек еңбекті көп қажет ететін және тынымсыз жұмыс істеуді талап ететін жол қалады. Бұл халықтар арасындағы келісім мен сенім салаларының жанасуды, кеңейтуді іздеу».

Мемлекеттің үдемелі және тұрақты дамуы тек қана оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттіліктің сақталуы жағдайында ғана жүзеге асырылады. Әлемдік бейбітшілікті қамтамасыз ету және нығайтумен жеке алынған мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жалпы халықаралық қауіпсіздігімен өзара тығыз байланыста болады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің түрлі аспектілері өте маңызды және әрқашан болған. Мемлекетпен жүзеге асыратын сыртқы саясат, үлкен көлемдегі детерминантпен анықталады, оған елдің географиялық орналасуы, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен әлеуметтік-саяси ахуалы, тарихи және мәдени дәстүрлері, ұлттық егемендіктің қамтамасыз етілуі және мемлекеттің ұлттық мүдделерін анықтау жатады.

Өз кезегінде, көптеген зерттеушілер «ұлттық қауіпсіздік» түсінігін талдауда үш негізгі субъектілерінің қатысуын білдіреді. Бұл ұлттық қауіпсіздіктің негізі болып табылатын, жеке адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігі. Осыған байланысты, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін ұлттық мүдделері ретінде қарастырылған жағдайда ғана, олар мемлекеттік саясаттың бөлімі дәрежесіне көтеріле алады [2].

Сондықтан ұлттық қауіпсіздік негізгі басым міндеті ретінде (жеті ұзақ мерзімді басымдықтардың) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауына енгізілді [3]. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі - адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін, нақты және әлеуетті қатерлерден ұлттық мүдделерін қорғаудың жай-күйі болып табылады.

Заң ғылымының алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі, ұлттық қауіпсіздік негіздерін және оның құқықтық параметрлерін анықтау болып табылады. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздіктің құқықтық негіздері қысқа уақыт мерзімде құрылғанын атап өткен жөн. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы [4] қауіпсіздікпен байланысты көптеген мәселелерді тікелей реттейді. Заң шығарушы елдің ұлттық қауіпсіздігінің конституциялық негіздерін бекітеді. Бұл республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайтумен байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 2-бабына сәйкес, республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтитынын, ал мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ететінін анықтайды. Берілген конституциялық белгілеу ең алдымен, Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің басты басымдықтарының ішінен маңызды біреуін анықтау және мемлекеттің аумақтық тұтастығы, басқарудың негізгі институттары мен саяси тәуелсіздік бойынша

нормативтік құқықтық актілер жинағын қабылдауды пайымдайды [5]. Олардың арасында Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» №70-V (2016.25.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) және 2005 жылғы 7 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» №29-III (2015.16.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Заңдарын атап өтуге болады.

Одан кейін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған тағы да бірқатар Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» [6], 1998 жылғы 23 сәуірдегі «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» №219-1 (2016.12.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Атом энергиясын пайдалану туралы» №442-V, 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» №199-V (2016.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен), 2015 жылғы 10 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» № 274-V (2016.22.12. берілген өзгерістермен). Қазақстанда 1998 жылы 26 маусымда «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған, ол өз алдына аталған қарым-қатынастар аясын 2012 жылға дейін жаңа «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [7] күшіне енгенге дейін реттеді.

Сонымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұлттық қауіпсіздікпен байланысты қарым-қатынастар мұқият түрде жеткілікті реттеледі.

Біздің ойымызша, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі принциптеріне: егемендікті сақтау, аумақтық тұтастық, аймақтық тұрақтылық, сыртқысаяси курстың тепе-теңдігі мен көпвекторлығы, Қазақстан айналасындағы бейбітшілік аймағын нығайтуды жатқызу қажет. Сонымен қатар, заң шығарушы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай негізгі принциптерді: ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті асыруда заңдылықтың орындалуы; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күштердің іс-шараларын жедел өзара ақпараттандыру және үйлестіру; ұлттық қауіпсіздіктің барлық түрлерінің бірлігі, қарым-қатынасы және теңгерімділігі; саяси, экономикалық және ақпараттық шаралардың басымдығы; жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі; ұлттық қауіпсіздікті қорғау бойынша барлық іс-әрекеттердің жиынтығын іске асыруды бақылау болып табылатынын анықтады.

Жалпы алғанда, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының [7] 1-баптың 3-тармақшасына сәйкес, ұлттық қауіпсіздік адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйін білдіреді.

Қазіргі уақытта конституциялық құқық үшін ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілерін зерттеу ерекше өзекті. Олардың қатарына, саяси, әскери, ақпараттық, экологиялық, экономикалық және қоғамдық қауіпсіздікті жатқызуға болады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының [7] 4-баптың 3-тармақшасына сәйкес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде саяси қауіпсіздіктің рөлі өте маңызды. Саяси қауіпсіздік азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйін білдіреді.

Мемлекеттің басты міндеті - елдегі ішкі тәртіпті сақтау және ондағы сыртқы қауіп-қатерден қорғау. Қауіпсіздік бұл жерде әскери-саяси тұрғыдан қарастырылады және оны қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құрумен байланысты.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 66-баптың 1-тармағына сәйкес, елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін жауапты болып табылады. Бұл мақсатта Үкімет Қазақстан Республикасының Конституциялық

Заңдарға: 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» №2733 (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), 1995 жылғы 18 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» №2688 (2014.29.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес, ел Президентімен бекіткен республиканың әскери доктринасын әзірледі [8].

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету республиканың қорғаныс қабілетін нығайту үшін қызмет етеді. Осы мақсатта, 2020 жылға дейін қару-жарақ және қорғаныс-өнеркәсіптік кешенді дамытудың Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша ауқымды жұмыс басталды.

Экономикалық қауіпсіздік елдегі ішкі және сыртқы ұлттық мүдделерін орындау мен жүзеге асыруымен сипатталады. Мемлекет экономикалық қуаттың барында ғана егемендіктің берік кепілдіктері мен аумақтық тұтастығы бола алады. Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 1-баптың 2-тармағына сәйкес, Республика қызметінің түбегейлі принциптеріне бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуды жатқызады. Ол өз алдына, республиканың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуін, әлемдік экономикалық жүйеден Қазақстанның экономикалық оқшаулауды болдырмауды сипаттайды. Сонымен қатар, мемлекетпен табиғи ресурстардың стратегиялық қорының қол сұқпаушылығына қатысты заңнамалық база құрылып, оларды есептеудің тиімді жүйесі әзірленді.

Қауіпсіздік жүйесінің тағы бір маңызды элементі - экологиялық апаттың алдын алу және жою болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік - бұл тек бір мемлекеттің ғана емес, бүкіләлемдік мәселе. Әркімнің конституциялық құқығы болып, Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 29-баптың 1-тармағына сәйкес, азаматтарының денсаулығын сақтауға және Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 31-баптың 1-тармағына сәйкес, өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қоятындығыды табылады. Берілген конституциялық құқық экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз етіледі.

Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі элементтеріне қоғамдық қауіпсіздік жатады. Неғұрлым күшті және өміршең мемлекет болу үшін бірлік пен ұлтаралық келісімге негізделген барлық халықпен қолдайтын жалпыұлттық идеяның бар болуы қажет.

Осыған байланысты, бұл бірыңғай ұлттық саясатты іске асыру қоғамдық қауіпсіздіктің кепілі екенін айтуға болады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының [7] 19-баптың 5-тармақшасына сәйкес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең маңызды басымдықтарының бірі қылмыстылықпен ымырасыз күрес, оның ішінде оның ұйымдасқан нысандарына, сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге және экстремизмге қарсы күресті күшейтуге бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң [6], Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыспен күрестің құқықтық негізін құрайды.

Ұлттық қауіпсіздіктің келесі аспектісі ақпараттық қауіпсіздік болып табылады. Республиканың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету еліміздің мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі конституциялық ережелеріне негізделеді. Заң шығарушы ақпараттық қауіпсіздік деп мемлекеттік ақпараттық қорларды, сонымен бірге жеке адамның және қоғамның ақпараттық саласында мүддесін қорғауды түсінеді. Осы саладағы мемлекеттің міндеті Қазақстанның ұлттық ақпараттық кеңістігінде бақылауды сақтау, еліміздің мемлекеттік ақпараттық қорларын қорғаудың барабар жағдайын жасау болып табылады. Осы мақсатта «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 ж. 23 шілдедегі № 451-1 Заңы (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) қабылданды.

Ұлттық қауіпсіздікті нығайту сыртқы саясатты күшейтуге, тату көршілік қарым-қатынастарды орнатуға, аймақтық ынтымақтастықты тереңдетуге негізделеді. Сыртқы қауіпсіздік шет мемлекеттердің, ұйымдардың және азаматтардың тарапынан қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының [4] 8-бабына сәйкес, сыртқы саясатты қамтамасыз етудің негізқалаушы принципінiң конституциялық негізі:

- халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтеу;
- мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау;
- олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау;
- халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізу;
- қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тарту болып табылады.

Аталған принциптер одан әрі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы №299-ІІ Заңында (2015.23.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында әрі қарай дамытылды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының [7] 25-бабына сәйкес, Қазақстан ұлттық қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерін алу мақсатында барлық күш-жігерін халықаралық (жаһандық, өңірлік) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағыттайды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне жауап беретін халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады.

Сонымен қатар, республикамен заңсыз көші-қонды болдырмау, әуе кеңестігін бақылаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру, шекаралық бақылауды күшейту бойынша шаралар қабылдайды. Мемлекет органдарының қызметі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және үдемелі экономикалық даму үшін қолайлы сыртқы жағдайларды жасауға бағытталған.

Тұтас алғанда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қазіргі мемлекеттің негізгі функцияларының бірі және оны жан-жақты іске асыру – бұл егеменді, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен әл-ауқатының кепілі.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан халықтарының ассамблеясы 10 жыл: 1-10 сессияларындағы баяндамалар жинағы. - Астана: Елорда, 2005. - 440 б.
2. Сабыров А.С. Понятие «безопасность» и определение его основных составляющих. – Мир закона, 2013. - №2. – С. 43.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – Б.42.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
5. Абенов Е., Спанов М., Перметов С. К проблеме национальной безопасности Казахстана // Евразийское сообщество. – 1997. - №4. – С. 165.
6. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (2016.30.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
7. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-ІV Заңы (2016.26.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
8. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы №161 Жарлығы // <http://online.zakon.kz/>